



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
макропруденциялық саясаты туралы**

Астана, 2024

Кіріспе

1. Қаржы секторын реттеу және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу тәсілдерінде парадигманың өзгеруі 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысынан (бұдан әрі – ЖҚД) кейін барлық жерде көрініс тапты. Бұған дейін көптеген елдің қаржылық реттеушілері жүйелік тәуекелдер мен осал тұстарды бағаламай, қаржы институттарының орнықтылығын қамтамасыз етуге ғана күш салды, яғни **микропруденциялық тәсілді** ұстанды. Сөйтіп, жүйе деңгейінде қалыптасқан теңгерімсіздіктер көп жағдайда назардан тыс қалды. Бұл қаржы институттарының левереджі мен өзара байланысының өсуіне, оларда күрделі және айқындылықтан ада қаржы құралдарының едәуір шоғырлануына, «банкротқа ұшырау үшін тым ірі»¹ қаржы делдалдарымен проблемаларды шешу тетіктерінің болмауына және т.б. қатысты болды. Осы факторлардың барлығы жүйелік тәуекелдердің жинақталуына түрткі болып, олардың орын алуы ауқымы жағынан бұрын-сонды болмаған қаржылық дағдарысқа әкелді.

2. ЖҚД-дан алған сабақтар негізінде халықаралық деңгейде **қалыптасып келе жатқан жүйелік тәуекелдерді² уақытылы анықтауды және оларға ден қоюды айшықтайтын макропруденциялық тәсіл** деп аталатын микропруденциялық тәсілді күшейту қажеттілігі туралы консенсусқа қол жеткізілді. Қазіргі уақытқа көптеген дамыған және дамушы елдердің ұлттық уәкілетті органдары макропруденциялық саясат бойынша мақсаттар, қағидаттар, құралдар мен оны іске асырудың басқа да аспектілері айқындалатын құжаттарды әзірледі.

3. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – ҚРҰБ) **қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу аясында макропруденциялық саясатты қалыптастыру өкілеттіктері жүктелді.**

¹ To big to fail

² Халықаралық есеп айырысу Банкінің мәліметі бойынша «*macroprudential*» термині алғаш рет 1979 жылы Базель Банктік қадағалау комитетінен бұрын жұмыс істеген Кук Комитетінің отырысы аясында, сондай-ақ Англия Банкінің жұмысында айтылған. 2000 жылы Халықаралық есеп айырысу Банкінің басқарушысы Эндрю Крокетт Банктік қадағалау жөніндегі халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде макропруденциялық тәсілдің екі ерекшелігін атап өтті. Біріншіден, қаржы дағдарысының шығасыларын өндіріс көлемі тұрғысынан шектеу мақсатында жалпы алғанда қаржы жүйесіне назар аудару. Екіншіден, жиынтық тәуекел қаржы институттарының ұжымдық әрекеттеріне байланысты екенін мойындау. Керісінше, макропруденциялық тәсілдің мақсаты салымшыларды/инвесторларды қорғау тұрғысынан ең негізделген жекелеген мекемелердің төлемге қабілетсіздігі тәуекелін шектеу ретінде анықталды. BIS quarterly review. The term "macroprudential": origins and evolution. March 2010

Осы құжатта макропруденциялық саясаттың қалыптастырылуы, іске асырылуы мен коммуникациялау бойынша ҚРҰБ пайымдауы мен тәсілдері жазылған. Атап айтқанда, бұл құжатта:

- макропруденциялық саясаттың мақсат-міндеттері, қағидаттары мен құралдарының;
- институционалдық аспектілердің;
- макропруденциялық саясат циклдерінің;
- макропруденциялық саясат коммуникациясының сипаттамасы қамтылады.

4. Бұл құжат әзірленгенде ХВҚ, Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің (Financial Stability Board, FSB)³, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің, Жүйелік тәуекелдер жөніндегі Еуропалық Кеңестің және макропруденциялық саясат саласындағы басқа да халықаралық ұйымдардың ұсынымдары мен нұсқаулары ескерілген.

I. Макропруденциялық саясаттың мақсат-міндеттері мен қағидаттары

5. **ҚРҰБ макропруденциялық саясатының мақсаты – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.** «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңның 51-1-бабына сәйкес, ҚРҰБ дербес (немесе) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп өз құзыреті аясында қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлейді және жүзеге асырады. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында ҚРҰБ макропруденциялық саясатты қалыптастырады, ол қаржы саласындағы жүйелік тәуекелдерді төмендетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді.

Қазіргі уақытта ҚРҰБ макропруденциялық саясаты банк секторымен байланысты жүйелік тәуекелдерге шоғырланған. Бұл – банктердің Қазақстанның қаржы секторындағы басым рөліне байланысты. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бағалы қағаздар мен сақтандыру нарықтары қаржы жүйесінің тұрақтылығына жүйелік тәуекелдер туғызбайды. Болашақта осы нарықтардың одан әрі дамуына қарай, қажет болған жағдайда макропруденциялық саясаттың периметрі кеңейтіледі.

³ Халықаралық қаржылық тұрақтылыққа ықпал ете отырып, жаһандық қаржы жүйесіне қатысты ұсыныстар жасайтын және мониторинг жүргізетін халықаралық орган

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңға сәйкес макропруденциялық саясатты қалыптастыру мақсатында ҚРҰБ:

- тұрақты негізде қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) келісу бойынша қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу тәртібін айқындайды және жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдарының тізімін қалыптастырады;
- Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес қарауына қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шараларды шығарады;
- жүйелік қаржы дағдарысы туындағанда немесе туындау қаупі төнген жағдайда, дербес немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесе отырып, қаржы ұйымдары жүргізетін банктік операциялардың жекелеген түрлеріне және басқа да операцияларға шектеу енгізеді.

7. Жүйелік тәуекелді түсіну макропруденциялық саясат үшін маңызды.

ХВҚ жүйелік тәуекелді нақты экономикаға елеулі теріс әсер етуге себеп болуы мүмкін және қаржы жүйесінің барлық немесе кейбір бөліктерінің нашарлауынан туындаған қаржылық қызметтерді көрсетудегі іркілістер тәуекелі ретінде анықтайды⁴.

Әдетте жүйелік тәуекелдердің екі түрі көрсетіледі:

- *циклдік жүйелік тәуекел* – қаржылық және қаржылық емес экономикалық агенттердің қаржылық циклдегі шамадан тыс сұраныс кезеңінде тәуекелге ұшырауды арттыруға және құлдырау кезеңінде тәуекелге тым консервативті болуға деген ұжымдық үрдіске негізделген. Проциклдылық қаржы жүйесі мен экономиканың ішкі және сыртқы күтпеген өзгерістердің әсеріне ұшырау ықтималдығын арттырады⁵;
- *құрылымдық жүйелік тәуекел* – қаржы жүйесіндегі тәуекелдердің бөлінуін көрсететін. Мәселен, теңгерімсіздік мекемелер көлемінің, шоғырлануының, олардың қызметінің өзара алмастырылуының және олардың арасындағы байланыстың салдары болуы мүмкін. Жеке қаржы институтында төлемге қабілетсіздік немесе өтімділік

⁴ IMF. Staff Guidance on Macroprudential Policy. 2014

⁵ IMF. Macroprudential Policy: An Organizing Framework. 2011

тәуекелінің іске асуы каскадтық әсерге әкелген кезде қаржы институттарының активтер мен міндеттемелер арқылы өзара байланысы «ықпал етудің» негізгі арналарын жасайды⁶.

8. Іс жүзінде қаржы секторында жүйелік тәуекелдердің туындауы мен жинақталуының себебі оның даму ерекшелігіне және онда болып жатқан өзгерістерге байланысты бірқатар факторлар болуы мүмкін. Ықтимал осалдықтар мен қауіптердің толық тізімін қалыптастыру мүмкін емес. **Осыған байланысты макропруденциялық саясат жүйелік тәуекелдерді азайта алатынын, бірақ оларды толығымен жоя алмайтынын мойындау қажет.**

9. ХВҚ, FSB, Жүйелік тәуекелдер жөніндегі Еуропалық Кеңес (European Systemic Risk Board, ESRB) макропруденциялық саясаттың аралық мақсаттарын (intermediate objectives) анықтауды ұсынады (1-бокс)⁷. Бұл аралық мақсаттар оның түпкі мақсаты – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге жету үшін операциялық бағдар ретінде қызмет етеді. Аралық мақсаттарды сәйкестендіру макропруденциялық саясаттың жеделдігін, айқындылығын және есептілігін арттырып, құралдарды таңдаудың экономикалық негізін қамтамасыз етеді⁸.

10. **ҚРҰБ макропруденциялық саясатының аралық мақсаттары** ХВҚ-ның ұсынымдары негізінде және халықаралық практика, атап айтқанда, ESRB тәжірибесі арнасында (1 боксты қараңыз) макропруденциялық саясат үшін операциялық бағдарлар ретінде ҚРҰБ мынадай аралық мақсаттарды айқындады:

- артық кредиттеу мен левередждің шамадан тыс өсуін азайту және болдырмау;
- өтеу мерзімі мен нарықтық өтімсіздіктің шамадан тыс сәйкессіздігін азайту және болдырмау;
- жүйелік маңызы бар банктерге байланысты құрылымдық тәуекелдерді шектеу.

⁶ IMF. Macroprudential Policy: An Organizing Framework. 2011

⁷ IMF. Key Aspects of Macroprudential Policy. 2013; IMF-FSB-BIS. Elements of Effective Macroprudential Policies. 2016; ESRB. Recommendation of European Systemic Risk Board of 4 April 2013 on intermediate objectives and instruments of macro-prudential policy. 2013

⁸ ESRB. Recommendation of European Systemic Risk Board of 4 April 2013 on intermediate objectives and instruments of macro-prudential policy. 2013

**1-бокс. Макропруденциялық саясаттың аралық мақсаттары
мен құралдары бойынша Жүйелік тәуекелдер жөніндегі
Еуропалық Кеңестің ұсыныстары**

Жүйелік тәуекелдер жөніндегі Еуропалық Кеңес (European systemic risk board, ESRB) макропруденциялық қадағалауды жүзеге асыру және жүйелік тәуекелдерді азайту үшін 2010 жылы құрылған, Еуропалық Одақтың ұлттық органдардан жоғары тұратын органы болып табылады. ESRB макропруденциялық саясатты іске асырудың негіздемелік негіздерін айқындайтын ЕО-ға мүше елдер үшін бірқатар жоғары деңгейлі ұсынымдар әзірледі.

2013 жылы ESRB ЕО-ға мүше елдердің уәкілетті ұлттық органдары үшін макропруденциялық саясаттың аралық мақсаттары мен құралдары бойынша ұсынымдар әзірледі. Құжатқа сәйкес ESRB макропруденциялық саясат саласындағы уәкілетті ұлттық органдарға мынадай ұсынымдар береді:

1. Макропруденциялық саясаттың аралық мақсаттарын айқындау

Аралық мақсаттар жалпы, оның ішінде қаржы жүйесінің орнықтылығын нығайту және жүйелік тәуекелдерді азайту арқылы қаржы жүйесін қорғауға жәрдемдесуден тұратын макропруденциялық саясаттың түпкілікті мақсатына қол жеткізу үшін операциялық бағдар ретінде болуы тиіс. Макропруденциялық саясаттың аралық мақсаттарында:

- кредиттеу мен левередждің шамадан тыс өсуін төмендету және болдырмау;
- өтеу мерзімдері мен нарықтық өтімсіздіктің шамадан тыс сәйкес келмеуін төмендету және болдырмау;
- тәуекелдерге тікелей және жанама бейімділік шоғырлануын шектеу;
- жауапсыз мінез-құлық қаупін төмендету мақсатында бұрмаланған ынталандырудың жүйелі әсерін шектеу;
- қаржы инфрақұрылымының орнықтылығын күшейту.

2. Макропруденциялық саясаттың аралық сияқты түпкілікті мақсаттарына да тиімді қол жеткізу үшін құралдар жеткіліктілігін бағалау
Бағалауда макропруденциялық саясаттың әрбір аралық мақсаты үшін макропруденциялық органдардың өзінің тікелей бақылауында немесе ұсынымдық өкілеттіктерінде кем дегенде бір макропруденциялық құрал болуы тиіс екені ескерілуі тиіс (бұл ретте бірнеше құралдарды қолдану қажеттілігі туындауы мүмкін).

3. Түпкілікті және аралық мақсаттарды ұлттық уәкілетті органдардың тікелей бақылауындағы немесе ұсынымдық өкілеттіктеріндегі макропруденциялық құралдармен байланыстыратын макропруденциялық саясаттың стратегиясын айқындау. Макропруденциялық саясат стратегиясы жүйелік тәуекелдер туындауын бақылау, уақыт аралығында өзгеретін макропруденциялық құралдарды қолдану, қолдануын тоқтату немесе өзгерту туралы шешім қабылдау үшін тиісті көрсеткіштерді, сондай-ақ ұлттық деңгейдегі тиісті билік органдарымен үйлестіру тетігін қоса алғанда, жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін макропруденциялық құралдарды қолдану үшін негіз болуға тиіс.

11. **Макропруденциялық саясат қағидаттары.** Макропруденциялық саясатты іске асыру аясында ҚРҰБ мына қағидаттарды ұстанады⁹:

- *алдын алу*: ҚРҰБ неғұрлым тиімді құралдарды пайдалана отырып, туындауына дейін жүйелік тәуекелді төмендету бойынша алдын ала шешімдер қабылдайды;
- *басқарылатын уәждеме (guided discretion)*: макропруденциялық саясат саласындағы шешімдер тәуекелдерді саны бойынша бағалау нәтижелеріне сүйене отырып қана бірден емес, сондай-ақ ҚРҰБ-ның сараптамалық пікірін пайдалана отырып қабылданады;
- *икемділік*: макропруденциялық саясат құралдарын таңдау қалыптасатын жүйелік тәуекелдің сипатына байланысты;
- *тиімді үйлестіру*: ҚРҰБ ақпарат алмасуды жүзеге асырады және Агенттікпен және Үкіметпен макропруденциялық саясатты іске асыру саласындағы іс-қимылды Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі арқылы үйлестіреді;
- *ашықтық*: ҚРҰБ макропруденциялық саясат саласындағы бастамалар бойынша, оның ішінде Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының өкілдерін Қаржылық тұрақтылық жөніндегі Кеңестің отырыстарына шақыру, бірлескен жұмыс топтары мен талқылаулар өткізу арқылы ашық коммуникацияны және тұрақты диалогты қамтамасыз ете отырып, қаржы нарығына қатысушылармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Шешім қабылдаудың барлық деңгейлеріндегі ашықтық саясаттың дәйектілігін қамтамасыз ететін, институттарға деген сенімді нығайтатын және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыратын негізгі қағида болып табылады;
- *макропруденциялық саясат ақша-кредит саясатын, сондай-ақ қаржы секторын реттеу мен қадағалауды алмастырмайды.*

II. **Макропруденциялық саясат құралдары**

12. Макропруденциялық саясат құралдары негізінен жүйелік тәуекелдерді төмендететіндей іріктелген **пруденциялық құралдармен** ұсынылған. Құралды таңдау макропруденциялық саясаттың нақты міндетіне байланысты, ал кейбір құралдар бірнеше міндеттерді шешуі мүмкін. ХВҚ макропруденциялық саясат

⁹ Макропруденциялық саясат қағидаттары ХВҚ мен IMF көрсетілген Еуропа жүйелік тәуекелдер кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып қалыптастырылды. Staff Guidance Note on Macroprudential Policy. 2014; ESRB. Principles for the development of a macro-prudential framework in the EU in the context of the capital requirements legislation. ESRB/2012/0050

құралдарын жүйелік тәуекел көзіне байланысты бірнеше санатқа бөледі¹⁰ (1-кесте, 1-қосымша).

1-кесте. Жүйелік тәуекел көзіне байланысты макропруденциялық саясат құралдары: халықаралық тәжірибе

Жүйелік тәуекелдің сипаты	Макропруденциялық саясат құралдары
Жалпы кредиттеудің шамадан тыс артуы	<ul style="list-style-type: none"> – капиталдың контрциклдық буфері; – левередж коэффициенті; – кредиттеу өсуінің лимиттері;
Үй шаруашылықтары секторын кредиттеудің шамадан тыс артуы	<ul style="list-style-type: none"> – пайдаға қатысты борыш өтеу коэффициенті (<i>Debt Service to Income, DSTI</i>); – пайдаға қатысты борыш коэффициенті (<i>Debt to Income, DTI</i>); – қамтамасыз ету құнына қатысты кредиттің арақатынасына шектеулер (<i>Loan to Value, LTV</i>); – үй шаруашылықтарының қарыздары бойынша капиталға салалық талаптарды ұлғайту (<i>тәуекел-мөлшерлеу коэффициенттері</i>);
Корпоративтік секторда тәуекелдердің өсуі	<ul style="list-style-type: none"> – LTV; – валюталық кредиттеуге шектеулер; – кредиттеу өсуінің лимиттері; – корпоративтік сектордың қарыздары бойынша капиталға қойылатын салалық талаптардың ұлғаюы (<i>тәуекел-мөлшерлеу коэффициенттері</i>); – қарыздық төлемдерді ақша ағындарымен жабу коэффициенті (<i>DSCR</i>), әсіресе коммерциялық жылжымайтын мүлікке байланысты тәуекелдер үшін;
Жүйелік өтімділік тәуекелдері және валюталық тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> – өтімділік буферлері (<i>LCR</i>) бойынша талаптар; – тұрақты қорландыру талаптары (<i>NSFR, негізгі қорландыру коэффициенті, кредиттердің депозиттерге қатынасының шектеулері, кредиттердің тұрақты қаржыландыруға қатынасының шектеулері (loan to stable funding) және активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін теңестіруге бағытталған шектеулер</i>); – ашық валюталық позиция бойынша шектеулер; – валюталық қорландыру бойынша шектеулер;

¹⁰ IMF. Staff Guidance Note on Macroprudential Policy, November 6, 2014;
IMF. Staff Guidance Note on Macroprudential Policy – Detailed Guidance on Instruments, November 6, 2014

Құрылымдық тәуекелдер	– жүйелік маңызы бар қаржы институттарына қатысты капитал мен өтімділікке артқан талаптар.
-----------------------	--

13. Халықаралық тәжірибеде макропруденциялды сипаттағы жеке құралдар, яғни жеке қаржы институттарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған құралдар жүйелік тәуекелдерді азайту үшін де қолданыла алады. Мысалы, банк капиталының жеткіліктілік деңгейін есептеу кезінде белгіленетін активтерді тәуекел-мөлшерлеу коэффициенттеріне қатысты. Капиталдың жеткіліктілігі дәстүрлі микропруденциялық құрал болып табылады, ал оны есептеуде пайдаланылатын тәуекел-салмақтау банк активтерінің әртүрлі топтарының тәуекел-бейінін ескере отырып белгіленеді. Сонымен қатар, тұтынушылық кредиттеудің асқындауымен байланысты жүйелік тәуекелдер өскен жағдайда, мұндай қарыздар бойынша тәуекел-мөлшерлеу коэффициенттері бойынша талаптар банк секторының тұрақтылығын арттыру үшін қатаңдатылуы мүмкін.

14. Халықаралық ұсынымдарға сәйкес жүйелік тәуекелдерге мақсатты және тиімді әсер ету үшін пайдалануға болатын құралдар **макропруденциялық органның тікелей бақылауына** жатқызылуы тиіс. Бұл органның осындай құралдарды барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін нақты макропруденциялық саясат саласында нақты мандаты, есептілігі және жедел тәуелсіздігі болуы тиіс¹¹.

15. **Қазақстанда іс жүзінде мұндай құралдар қолданылып жатқанына қарамастан, макропруденциялық құралдардың айқын тізбесі заңнамалық деңгейде белгіленбеген.** Банктік реттеудің барлық құралдары (капитал жеткіліктілігінің нормативтері, өтімділік коэффициенттері, тәуекелдер лимиттері және т.б.) **пруденциялық нормативтер** ретінде қарастырылады және заңнамада және пруденциялық нормативтерді белгілеуге уәкілетті орган ретінде Агенттік құзыретіне жататын заңға тәуелді актте¹² бекітілген.

16. Макропруденциялық саясат құралдарының формальды тізбесінің болмауы және олар бойынша жауапкершілікті ҚРҰБ-қа бекіту жүйелік тәуекелдерге ден қою қажет болған жағдайда, белгісіздік пен кешігу

¹¹ IMF. Macroprudential Policy: An Organizing Framework. 2011

¹² «Банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы, «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 170 қаулысы

ықтималдығын арттырады. **2023 жылы өткізілген Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасы (Financial Sector Assessment Program) аясында ХВҚ ҚРҰБ пен Агенттіктің макропруденциялық саясатқа қатысты рөлі мен жауапкершілігін нақтылауды ұсынды.**

17. Заңнамалық деңгейде ҚРҰБ құзыретіне енгізілетін макропруденциялық саясат құралдарының тізбесі айқындалады. Құралдардың нақты тізбесі қажеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарына сүйене келе, Агенттікпен талқылауды ескере отырып қалыптастырылатын болады. Қазіргі уақытта ҚРҰБ капиталдың контрциклдық буфері көрсеткіштерінің мониторингін жүзеге асырады, қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің мәнін белгілейді, сондай-ақ жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдарының тізімін қалыптастырады (2-бокс). ҚРҰБ қосымша секторлық және циклге оң бейтарап капиталдың контрциклдың буфері бойынша ұсыныстары бар [пікірталас құжатын](#) жариялады. Жүйелік тәуекелдерді төмендету мақсатында ҚРҰБ қолданыстағы пруденциялық нормативтерді қайта қарау жөніндегі ұсыныстарды да Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің қарауына шығаратын болады.

2-бокс. Қазақстанда қолданылатын макропруденциялық сипаттағы пруденциялық құралдар

Қазіргі уақытта банктер үшін белгіленген пруденциялық нормативтер макропруденциялық саясат құралдарына сәйкес келетін мынадай құралдарды қамтиды.

Капиталдың контрциклдық буфері (ККБ) банктерге кредиттік портфельдің шамадан тыс өсуі кезеңінде капиталдың қосымша буферін жинақтауға мүмкіндік береді, ол көбінесе жүйелік тәуекелдердің қалыптасуына және жинақталуына алып келеді.

Экономика өсуінің төмендеуі кезеңінде буферді босату экономиканы кредиттеудің қысқаруы қаупін төмендетеді. ККБ-ны енгізу мөлшері мен мерзімдері есептеу басталған күнге дейін кемінде 12 ай бұрын белгіленеді. Осы буфер мөлшерінің аралығы тәуекелдерді ескере отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0%-дан 3%-ға дейін құрайды.

Кредиттік дүрбелеңнің басталу кезеңі және капитал буферін қалыптастыру қажеттілігі туралы белгі беретін негізгі индикатор экономикаға кредиттердің ЖІӨ-ге арақатынасының өзінің ұзақ мерзімді үрдісінен (credit-to-GDP gap) ауытқуы болып табылады. Негізгі индикаторды есептеуден басқа, ҚРҰБ қаржы нарықтары мен жалпы экономиканың даму жағдайын сипаттайтын қосымша көрсеткіштерді есептейді, сондай-ақ ККБ деңгейін жандандыру және айқындау қажеттілігіне қатысты сараптамалық пайымдауды пайдаланады.

Жеке тұлғаларға кредит беру сегментіндегі шамадан тыс асып кету белгілеріне байланысты 2023 жылдың соңында ҚРҰБ кредиттеудің осы сегментіндегі тәуекелдерді төмендетуге бағытталған капиталдың секторалдық контрциклдық буферін енгізу бойынша ұсыныстар әзірледі.

ҚРҰБ Агенттікпен келісім бойынша **банктер мен инфрақұрылымдық ұйымдарды жүйелік маңызы бар ұйымдардың қатарына жатқызу әдістемесін белгілейді**. Бұл әдістеме Банктік Қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, сандық индикаторларды есептеуге негізделген. ҚРҰБ жыл сайын қаржы ұйымдарының жүйелік маңыздылығына бағалау жүргізеді. Жүйелік маңызы бар деп танылған банктерге қатысты капиталдың жеткіліктілігіне қосымша талаптар қолданылады: тәуекел-мөлшерленген активтердің 1% мөлшерінде **капиталдың жүйелік буфері**, сондай-ақ тәуекел-мөлшерленген активтердің 3% мөлшерінде капиталдың консервациялық буферінің жоғары мәні (қалған банктер үшін – 2%, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5%). Капитал буферлерінің орындалмауы банктің бөлінбеген таза кірісін бөлуді шектеуге алып келеді.

Қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентін банктер жеке тұлғаға қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыз беру туралы шешім қабылдаған кезде қолданады. Осы нормативті есептеу әдістемесін Агенттік айқындайды, ал ҚРҰБ оның рұқсат етілген ең жоғары мәнін анықтайды, ол қазіргі уақытта 0,5 құрайды.

Пруденциялық құралдар бойынша Агенттікпен өзара іс-қимыл.

ҚРҰБ пен Агенттік қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі бірлескен мандат аясында пруденциялық реттеу саласында, оның ішінде ҚРҰБ пен Агенттіктің басқару органдарына өзара қатысу арқылы тығыз үйлестіруді жүзеге асырады. Халықаралық тәжірибеде микропруденциялық сипаттағы жеке құралдар, яғни жеке қаржы институттарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған құралдар да жүйелік тәуекелдерді азайту үшін де қолданыла алады. ҚРҰБ пен Агенттік бір-біріне макропруденциялық және микропруденциялық сипаттағы құралдарды өзгерту қажеттілігін ұсынуға және бірлесіп қарауға құқылы.

III. Макропруденциялық саясаттың институционалдық аспектілері

18. Халықаралық деңгейде орталық банктер макропруденциялық саясатты қалыптастыруда негізгі рөл атқаруы тиіс деген консенсус қалыптасты. Бұл орталық банктердің тәуелсіздігіне, сондай-ақ жүйелік тәуекелдер мен теңгерімсіздіктерді сәйкестендіру мен бағалаудағы құзыреттің елеулі деңгейіне байланысты. Бұл ретте макропруденциялық саясат жөніндегі мандат дәстүрлі түрде «әрекет етуге дайындықты» (willingness to act) және «әрекет етуге қабілеттілікті» (ability to act) қамтамасыз етуі тиіс.

19. **Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңесі** (бұдан әрі – Кеңес) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын, консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Атап айтқанда, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі негізгі міндеттер аясында Кеңестің қарауына оның мүшелерінің, оның ішінде микропруденциялық реттеу мәселелері бойынша ұсыныстар шығарылуы мүмкін.. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады және «сақта немесе түсіндір» қағидаты бойынша орындалады. Кеңесті ҚРҰБ Төрағасы басқарады, ал оның құрамына Қаржы министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің, Агенттіктің бірінші басшылары, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің өкілі кіреді. ХВҚ ұсынымы бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығымен (бұдан әрі – АХҚО) қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша өзара іс-қимылды күшейту үшін 2023 жылдың соңында Кеңестің құрамына АХҚО басқарушысы енгізілді.

20. ҚРҰБ Кеңестің хатшылығы болып табылады және мемлекеттік органдардан тиісті негіздемемен Кеңес шешімдерінің орындалуы не

орындалмауы туралы ақпарат ала отырып, оның шешімдерінің орындалуына мониторингті жүзеге асырады. Қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша үйлестірудің жеделдігін арттыру үшін ҚРҰБ жүйелік тәуекелдерді бағалау бойынша жедел ақпарат алмасу және макропруденциялық шаралар мен құралдар бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Кеңес хатшылығының рөлін атқаратын құрылымдық бөлімше директорының басшылығымен тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін жұмыс топтарын құруды жоспарлайды. Сонымен қатар, жұмыс топтары Кеңестің шешімімен оның кез келген мүшесінің бастамасы бойынша құрылуы мүмкін.

3-бокс. Макропруденциялық саясатты ұйымдастырудың институционалдық моделі және макропруденциялық органның өкілеттіктері

Іс жүзінде макропруденциялық саясатты ұйымдастырудың мынадай институционалдық модельдері бар¹:

1-модель. Макропруденциялық мандат орталық банкке жүктелген, ал макропруденциялық шешімдерді оның Басқармасы қабылдайды;

2-модель. Макропруденциялық мандат орталық банк құрылымындағы арнайы комитетке жүктелген (мысалы – Англия Банкінің Қаржы саясаты жөніндегі комитеті);

3-модель. Макропруденциялық мандат орталық банктің құрамына кірмейтін комитетке жүктелген, бұл ретте орталық банк макропруденциялық комитетке қатысады.

Институционалдық модельге байланысты макропруденциялық саясатты іске асыратын орган өкілеттіктерінің үш түрі бар: қатаң (hard powers), жартылай қатаң (semi-hard powers) және жұмсақ (soft powers)².

Қатаң өкілеттіктер макропруденциялық органға макропруденциялық құралдарға тікелей бақылау береді және іске асырылатын шаралардың жеделдігін арттырады.

Жартылай қатал өкілеттіктер макропруденциялық органға басқа мемлекеттік органдарға «орындау немесе түсіндіру» (comply or explain) қағидаты бойынша жүйелік тәуекелдерді шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауды ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл макропруденциялық саясатқа барынша кең тәсілді қамтамасыз етеді.

Жұмсақ өкілеттіктер макропруденциялық органға «орындау немесе түсіндіру» қағидатын сақтамай пікір немесе ұсыныс білдіруге мүмкіндік береді.

¹ IMF. Key aspects of Macroprudential Policy. 2013

² IMF. Staff Guidance Note on Macroprudential Policy. 2014

IV. Макропруденциялық саясат циклі

21. Макропруденциялық саясат циклі қатарынан төрт кезеңді қамтиды:

1) *қалыптасқан жүйелік тәуекелдер мен теңгерімсіздіктерді анықтау және тексеру*. Макропруденциялық саясатты тиімді іске асыру үшін ықтимал олқылықтарды уақтылы анықтау және бағалау маңызды. Осы кезеңде ҚРҰБ мынадай талдамалық құралдарды қолданады:

- жүйелік тәуекелді уақтылы анықтау мақсатында «макропруденциялық индикаторлар» деп аталатын сандық көрсеткіштердің ауқымды қатарына мониторингті жүзеге асырады (2-қосымша). Бұл индикаторлар макропруденциялық саясат бойынша, оның ішінде капиталдың контрциклдық буфері бойынша ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Бұл ретте индикаторлар тізбесі нақты емес, ҚРҰБ жүргізілетін талдауға байланысты қосымша көрсеткіштерге жүгіне алады, сондай-ақ сараптамалық пайымдаулармен тәуекел факторларының сандық бағасын күшейтеді;
- қаржылық тұрақтылық индекcін – экономикадағы қаржылық ауытқуларды жақсы түсінуге ықпал ететін қаржылық стресті сандық өлшеуге бағытталған көптеген макроэкономикалық және қаржылық көрсеткіштерден тұратын композиттік индексті есептейді. Бұл көрсеткіш қаржы жүйесіндегі тәуекел деңгейін бағалауға, сондай-ақ қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін негізгі факторларды сейілтуге мүмкіндік береді;
- банктерге кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныс үрдістері, талданатын кезеңдегі бизнес пен халықты кредиттеудің бағалық және бағалық емес талаптары, сондай-ақ олардың кредиттік қызметін дамытудағы күтулері туралы пікіртерімдер жүргізеді. Мұндай пікіртерімдерді жүргізу ҚРҰБ-ға қаржы нарығындағы кредиттеудің жай-күйін, нарыққа қатысушылардың көңіл-күйі мен күтулерін бағалауға мүмкіндік береді;
- Қазақстанның банк секторының гипотетикалық қолайсыз экономикалық жағдайларға орнықтылығын бағалау үшін «top-down» тәсілі бойынша банк секторын стресс-тестілеуді жүзеге асырады;

2) *макропруденциялық саясат құралдары бойынша ұсыныстар қалыптастыру*. Теңгерімсіздіктер мен ықтимал қатерлер анықталған жағдайда, ҚРҰБ халықаралық тәжірибені және қолда бар пруденциялық құралдар арсеналын ескере отырып, оларды төмендету жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Нақты макропруденциялық құралды таңдау тиімділік қағидаттарын, қолданудың қарапайымдылығын, реттеуші арбитраждың пайда болуын жоюды ескере отырып, тәуекелдің сипатына және оның ауқымына байланысты.

3) *макропруденциялық саясат саласында шешімдер қабылдау және оларды үйлестіру*. Бұл кезеңде Кеңес қаржылық тұрақтылық

мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын орган ретінде маңызды рөл атқарады. ҚРҰБ жүйелік тәуекелдерді анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижелерін, сондай-ақ оларды төмендету жөніндегі ұсыныстарды Кеңестің қарауына шығарады. Кеңес өз кезегінде оның құрамына кіретін мемлекеттік органдарға анықталған қауіп-қатерлерге жауап ретінде "орындау немесе түсіндіру" (comply or explain) қағидатын ескере отырып қажетті шараларды қабылдау бойынша ұсыныстар береді. Бұл дегеніміз, мемлекеттік органдар Кеңеске тиісті негіздемемен Кеңес шешімдерінің орындалуы немесе орындалмауы туралы ақпарат береді. Кеңес Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді және өзінің қызметі туралы есептерін жартыжылдық негізде ұсынады.

4) *қабылданған макропруденциялық шаралардың тиімділігін бағалау.* Макропруденциялық саясат құралдарының іске асырылуына қарай ҚРҰБ олардың тиімділігіне бағалау жүргізеді. ҚРҰБ анықталған қауіптердің азайғанын талдайды, сондай-ақ олар тиімсіз болған жағдайда қабылданған шараларды реттеудің орындылығын қарастырады.

V. Макропруденциялық саясат бойынша ҚРҰБ коммуникациялары

22. Макропруденциялық саясатты жүргізу мәселелері бойынша сыртқы коммуникациялар ҚРҰБ жалпы коммуникациясы арнасында жүзеге асырылады. Сыртқы коммуникациялардың негізгі мақсаты – қаржы нарығына қатысушылардың күтулерін қалыптастыру, нарықтық тәртіпті жетілдіру арқылы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу және ҚРҰБ жүргізіп жатқан жұмыс және қабылданып жатқан макропруденциялық шаралар туралы жұртшылықты хабардар ету.

23. Сыртқы коммуникация нысаналы аудиторияға және ауқымды жұртшылыққа ақпарат беру арналарының белгілі бір тізбесі арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, коммуникация негізінен ҚРҰБ ресми интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады (23-тармақты қараңыз). Қаржылық тұрақтылыққа қатысты ақпарат берудің қосымша арналары бұқаралық ақпарат құралдары мен ҚРҰБ әлеуметтік желілері болып табылады. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл дәйектілік, ашықтық және түсінікті болу қағидаттарында жүзеге асырылады:

- *Сенімділік қағидаты* ретті және тиімді макропруденциялық саясатты жүзеге асыруға және оның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін ашық коммуникациялық саясаттың негізгі элементі болып табылады.
- *Ашықтық қағидаты* реттеушіге қолжетімді ақпарат негізінде нарыққа қатысушылармен адал және жан-жақты қарым-

қатынасты жүзеге асыруды білдіреді. ҚРҰБ нарыққа қатысушыларға қаржы жүйесі үшін ықтимал осалдықтарды бағалауды, жүйелік тәуекелдерді іске асырудың ықтимал салдарын және қабылданатын макропруденциялық шешімдердің себептерін мұқият жеткізеді.

- *Түсінікті болу* қағидаты қаржы нарығына қатысушыларға белгісіздік деңгейін төмендету және реттеушінің іс әрекеттерінің болжамдылығын қалыптастыру мақсатында макропруденциялық құралдарды енгізу және жетілдіру мәселелері бойынша дәлелді және түсінікті ұстанымды таратуға мүмкіндік береді.

24. Макропруденциялық саясат мәселелері бойынша коммуникацияның негізгі арнасы ҚРҰБ-ның ресми интернет-ресурсы болып табылады. Макропруденциялық саясат бойынша барлық жарияланымдар ҚРҰБ ресми интернет-сайтында «Қаржылық тұрақтылық» бөлімінде орналасқан. Мақсаты қаржылық тұрақтылық саласында жүргізіліп жатқан саясаттың, оның ішінде макропруденциялық саясаттың есептілігін күшейту болып табылатын ақпаратты берудің негізгі құралдары:

- *Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есеп* – қаржы жүйесіндегі бар және әлеуетті жүйелік тәуекелдер және қаржы нарығының қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған қолданылатын шаралар туралы талдамалық ақпаратты қамтитын жыл сайынғы жарияланым Ақпаратты аудиторияға жеткізудің негізгі құралы болып табылады.
- *Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес отырыстарының қорытындылары бойынша баспасөз релиздері* – отырыстарда қаралған мәселелер және тиісті қабылданған шешімдер туралы ақпаратты қамтиды. Шешімдер сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес кез келген өзге тәсілмен қаржы нарығы субъектілерінің назарына ұсынылуы мүмкін;
- *кредит нарығы бойынша банктердің пікіртеріміздері* – кәсіпорындар мен үй шаруашылықтарын банктік кредиттеудің негізгі талаптары туралы тоқсан сайынғы талдамалық басылым. Пікіртеріміз нәтижелері банктердің кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныс үрдістері, бизнес пен халықты кредиттеудің бағалық және бағалық емес талаптары, сондай-ақ банктердің кредиттік қызметін дамытудағы күтулер мәселелері бойынша пікірлерін көрсетеді;
- *қаржылық тұрақтылық индексі* – қазіргі уақытта есептеу әдістемесі тестілеу және оңтайлы параметрлерді іріктеу сатысында. Кейіннен индексті тұрақты жариялау қарастырылуда;

- *макропруденциялық индикаторлар мониторингі* – жүйелік тәуекелдердің жинақталу белгілерін ерте анықтауға және қаржы секторы үшін әлеуетті осалдықтарды жан-жақты бағалауға ықпал ететін көрсеткіштердің белгілі бір тізбесі. ҚРҰБ осы көрсеткіштер мониторингінің нәтижелерін мерзімді негізде жариялауды жоспарлап отыр.
- қаржылық тұрақтылық және макропруденциялық реттеу саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша баспасөз релиздері мен талдамалық жазбалар.

25. Жоғарыда аталған коммуникация құралдарынан басқа, ҚРҰБ баспасөз конференциялары мен ҚРҰБ басшылары мен жауапты бөлімшелердің сұхбаттары, БАҚ сұрауларына жауап беру, салалық конференцияларға қатысу, макропруденциялық саясат және қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша арнайы семинарлар мен кездесулер ұйымдастыру сияқты стандартты коммуникация құралдарын пайдаланады.

26. ҚРҰБ сыртқы коммуникациялық стратегиясын жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Бұл жұмысты жүзеге асыру кезінде «реттеуші-банктер» өзара іс-қимыл арнасының жұмыс істеуінің ұлттық ерекшелігін ескере отырып, жекелеген тәсілдерді бейімдеу және ақпаратты қаржы нарығы субъектілері мен халыққа уақтылы жеткізу мақсатында шетелдік реттеушілердің үздік тәжірибесі назарға алынады. Бұл реттеуші әрекеттерінің болжамдылығын және нарықтағы қаржылық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

ХВҚ макропруденциялық саясат жөніндегі нұсқаулығына сәйкес макропруденциялық саясат құралдары¹³

Капитал құралдары	
Құрал	Сипаттама
Капиталдың контрциклдық буфері	Құрал банктерге несиелік өрлеу кезеңінде қосымша капитал буферін жинақтауға мүмкіндік береді, бұл жүйелік тәуекелдер орын алатын экономикалық құлдырау кезеңінде буфердің әлсіреуі немесе босатылуы мүмкіндігімен көбінесе жүйелік тәуекелдердің қалыптасуына және жинақталуына әкеледі. Құлдырау кезеңінде буферді босату экономиканы кредиттеудің төмендеу қаупін азайтады. Осылайша, бұл құрал қаржы жүйесіндегі проциклдылықты төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл банк жүйесінің тұрақтылығын арттырады, оны ықтимал шығындардан қорғайды және кредиттік циклдің экспансиялық кезеңін жанама түрде шектейді.
Левередж коэффициенті	Банк капиталына қатысты қабылданатын тәуекелдердің (баланстық және баланстан тыс) өсуін шектеу арқылы банк жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында пайдаланылады. Контрциклдық буфермен салыстырғанда левередж коэффициенті тәуекел дәрежесімен өлшенбейді және банк қабылдайтын тәуекелдерді көрсететін қарапайым және айқын құрал болып табылады. Уақыт өте келе тәуекелдердің жинақталуын тежеуге мүмкіндік береді.
Кредиттеудің өсу лимиттері	Бұл құрал кредиттеудің қарқынды өсуіне және жүйелік тәуекелдердің тез жинақталуына тап болған кейбір елдерде қолданылған. Бұл ретте, контрциклдық капитал буфері немесе левереджді шектеу сияқты басқа құралдар кредиттеудің өсуін бәсеңдету үшін қол жетімді емес немесе жеткіліксіз болды. Кредиттеудің өсу лимиттерінің негізгі мақсаты кредиттеудің шамадан тыс өсуін бәсеңдету болып табылады. Сонымен қатар, бұл құрал жанама түрде кредиттеудің стандарттарын арттыру арқылы банк жүйесінің тұрақтылығын арттыруға ықпал етуі мүмкін (егер банктер белгіленген лимитке жеткенге дейін жоғары сапалы қарыз алушыларды таңдай бастаса). Секторлық тәуекелдердің өсуін шектеу құралы ретінде қолданылады. Сонымен қатар, бұл құрал басқа салалардағы тиісті саясаттарды ауыстыру болмауы тиіс.
Үй шаруашылығына қатысты құралдар	
Кредиттің қамтамасыз ету құнына қатынасына шектеулер (LTV)	Секторлық макропруденциялық құралдардың қатарына жатады. Әдетте, LTV ипотекалық кредиттеу сегментінде қолданылады, бірақ сонымен бірге қамтамасыз ету үшін кредиттеудің басқа түрлеріне қатысты, мысалы, автокөлік

¹³ IMF. Staff Guidance Note on Macroprudential Policy – Detailed Guidance on Instruments, November 6, 2014

	түрінде де қолданылуы мүмкін. LTV қарыз алушыларға қол жетімді қорландыру көлемін тікелей шектейді және сенімсіз қарыз алушыларды жояды, осылайша жылжымайтын мүлікке сұранысты, ипотекалық несие деңгейін және жылжымайтын мүлік бағасының өсуін төмендетеді.
Кіріске борыштың қызмет көрсету арақатынасын шектеу (DSTI)	DSTI қарыз алушының борышына қызмет көрсету бойынша төлем мөлшерін оның кірістерінің белгіленген үлесімен шектейді. Тағы бір нұсқа-қарыздың кіріске қатынасын (DTI) шектеу, бұл қарыз алушының қарыз мөлшерін оның кірісінің белгіленген еселенген деңгейімен шектейді. Қарыздық жүктеменің қолайлы деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. DSTI және DTI үй шаруашылығының шамадан тыс қарыз алуын шектеуге бағытталған секторлық макропруденциялық құралдардың қатарына жатады. Бұл құралдар қарыз алушылардың қаржылық жағдайының тұрақтылығын, соның ішінде пайыздық мөлшерлемелердің күтпеген оқиғаларына төзімділігін арттырады.
Корпоративтік секторға қатысты құралдар	
Кредиттеудің өсу лимиттері	Құрал кредиттеудің күртөсуі және реттеушінің кредиттеудің корпоративтік сегментіндегі активтерді тәуекел-салмақтаудан оң күтулері болмаған кезде жүйелік тәуекелдердің жинақталуы жағдайында қолданылуы мүмкін. Ол секторлық жүйелік тәуекелдердің өсуін шектеу құралы ретінде қолданылады.
Кредиттің құнға қатынасына шектеулер (LTV)	Құрал коммерциялық жылжымайтын мүлік сегментінде қолданылады. LTV жылжымайтын мүліктің бағаланған құнына қатысты кредит мөлшерін тікелей шектейді және ең төменгі бастапқы жарнаны қамтамасыз етеді.
Өтімділік құралдары	
Өтімділікті өтеу коэффициенті (LCR)	LCR қысқа мерзімді өтімділіктің күтпеген оқиғаларына төзімділікті арттыруға арналған. LCR-дің негізгі мақсаттарының бірі - стресстік сценарий бойынша алдағы 30 күнде қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу үшін банктің жеткілікті жоғары сапалы өтімді активтері болуы керек. 30 күндік уақыт кезеңі банктің өтімділік көздерін қайта құруы үшін жеткілікті және осылайша қысқа мерзімді өтімсіздік тапшылығынан туындауы мүмкін банкроттыққа жол бермейді.
Таза тұрақты қорландыру (NSFR)	NSFR банктердің қорландыру құрылымының тұрақтылығын арттыруға арналған. NSFR қол жетімді тұрақты қорландыру көлемінің қажетті тұрақты қорландыру көлеміне қатынасы ретінде анықталады. Банк жүйесінің негізгі функцияларының бірі-ұзақ мерзімді активтер (кредиттер) мен қысқа мерзімді міндеттемелер (депозиттер және басқа қорландыру көздері) арасындағы өтеу мерзімдерін өзгерту.
Ашық валюталық позициялар бойынша шектеулер	Құрал валюталық тәуекелдерге ұшырауды шектеуге бағытталған. Шектеу банктердің валюталық ауытқуларға осалдығын төмендету үшін тұтастай алғанда және жекелеген валюталар бойынша ашық валюталық позицияларға (<i>баланстан тыс позицияларды қоса алғанда, валюталық активтер мен міндеттемелер арасындағы алшақтықтар</i>) белгіленеді.

Валюталық қорландыру бойынша шектеулер	Құрал қорландырудың валюталық көздеріне, әсіресе сыртқы қорландыруға шамадан тыс тәуелділікті азайтуға бағытталған. Шектеулер әртүрлі нысанда белгіленуі мүмкін: валюталық қарыз алуға арналған шек, валюталық своптар және туынды құралдармен операциялар бойынша операцияларға лимиттер және басқа талаптар түрінде.
Құрылымдық құралдар	
Жүйелік маңызы бар қаржы институттарымен байланысты тәуекелдерді төмендетуге бағытталған құралдар	Жүйелік тәуекелдің құрылымдық өлшемі жекелеген жүйелік маңызды қаржы институттарының дәрменсіздігіне байланысты өзара байланысы мен «жұқтыру» (contagion) тәуекеліне байланысты туындайды. Атап айтқанда, жүйелік маңызды қаржы институтының банкроттығы үлкен жағымсыз сыртқы әсерлерді тудыруы және бүкіл жүйенің күйреуіне әкелуі мүмкін. Жүйелік маңызы бар қаржы институттарымен байланысты ықтимал тәуекелдерді төмендету үшін капиталға үстемеақы, өтімділік бойынша жоғары талаптар және өзге де шектеулер түріндегі пруденциялық құралдар пайдаланылуы мүмкін.

ҚРҰБ макропруденциалдық индикаторларының тізбесі

Макроэкономикалық көрсеткіштер	
1.	Нақты ЖІӨ динамикасы
2.	Тұтыну бағалары индексінің динамикасы
3.	Сыртқы қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы
4.	Шетелдік тікелей инвестициялардың таза ағыны
5.	ЖІӨ-ге төлем балансының ағымдағы шоты
6.	USDKZT-ке NDF және теңгедегі депозиттер бойынша мөлшерлеме арасындағы спрэд
7.	Brent мұнай бағасының динамикасы
8.	Базалық мөлшерлеме бойынша пайыздық мөлшерлеме дәлізі және TONIA
9.	Мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілігі (МБҚ) өтеуге дейін (өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша кесім)
Фискалды көрсеткіштер	
10.	Республикалық бюджеттің түсімдері мен шығысы ЖІӨ-ге %-бен
11.	Республикалық бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты, ЖІӨ-ге %-бен
Әлеуметтік көрсеткіштер	
12.	Үй шаруашылықтарының ақшалай мәндегі кірісі
13.	Айлық жалақының орташа мәні және нақты жалақының индексі
Банк секторының көрсеткіштері	
<i>Кредиттік тәуекел</i>	
14.	Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) экономикаға кредиттері және ЕДБ кредиттерінің долларизациясы
15.	Кредиттер/ЖІӨ ГЭП-і
16.	Кәсіпкерлік субъектілеріне экономикалық қызмет түрлері бойынша кредиттер
17.	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL)
18.	ХҚЕС бойынша 3-кезең кредиттері
<i>Корпоративтік секторға кредиттер бойынша тәуекелдер</i>	
19.	Заңды тұлғаларға кредиттердің динамикасы
20.	Корпоративтік секторға кредиттердің ЖІӨ-ге қатынасы
21.	Корпоративтік секторға берілетін кредиттердің сапасы (NPL)
22.	ХҚЕС бойынша корпоративтік сектордың 3-кезең кредиттері
23.	Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары
24.	Корпоративтік сектордың кредиттік ресурстарға сұранысының индикаторы
25.	Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға алу бағасының индексі
<i>Үй шаруашылығы секторына кредиттер бойынша тәуекелдер</i>	
26.	Жеке тұлғаларға берілетін кредиттердің динамикасы
27.	Жеке тұлғаларға кредиттердің ЖІӨ-ге қатынасы
28.	Жеке тұлғаларға берілетін кредиттердің сапасы (NPL)
29.	ХҚЕС бойынша жеке тұлғалардың 3-кезең кредиттері
30.	Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары
31.	Жеке тұлғалар тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныс индикаторы
32.	Тұрғын үй нарығындағы баға индексі
<i>Өтімділік тәуекелі</i>	
33.	Өтімділігі жоғары активтердің жиынтық активтерге қатынасы
34.	Өтімділікті өтеу коэффициенті
<i>Қорландыру тәуекелі</i>	
35.	Нетто тұрақты қорландыру коэффициенті

36.	ЕДБ қорландыру құрылымы
37.	Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқамерзімді міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы
38.	Таза ашық валюталық позицияның капиталға қатынасы
39.	Кредиттің депозитке қатысы (LTD)
<i>Долларландыру тәуекелі</i>	
40.	Депозиттерді долларландыру
41.	Корпоративті депозиттерді және жеке тұлғалар депозиттерін долларландыру